

# Әз-Наурыз құтты болсын!

Сарысу ауданы (Жамбыл облысы)



Газет 1937 жылдың 5 мамырынан бастап шығады

# SARYYSY



20/03/2025 БЕЙСЕНБІ

www.gazeta-sarysu.kz

sarysu\_02@bk.ru

№22 (8884)



## Наурыз батпа



Дәулетті бас берсін,  
Бақытты ас берсін,  
Ұлыстың Ұлы күнінде!  
Ұлыс оңға қонсын,  
Қызың қырға қонсын!  
Қозыға толсын көгенің,  
Тұлпар болсын құлының,  
Сүтті болсын құдығың,  
Өрісті болсын жайлауың,  
Брысты болсын қыстауың!  
Арыстандай болсын қайратың,  
Аюдай болсын айбатың,  
Гүлге толсын өңірің,  
Көңілді өтсін өмірің,  
Асқа толсын табағың,  
Ашық болсын қабағың!  
Ниеттерің ақ болсын,  
Наурыздың ақша қарындай.  
Бастарыңа бақ қонсын,  
Шаптарыңның барлық талындай!  
Санасы асып адамның,  
Көңілде кір қалмасын.  
Құты қашып жаманның,  
Жақсы тапсын жалғасын.  
Тыныш болсын даламыз,  
Түгел болсын нуымыз.  
Таза болсын ауамыз,  
Тұнық болсын суымыз.  
Қайғы-уайым жоқ болсын,

Оралмасын кез өгей.  
Ырысымыз көп болсын,  
Бүгінгі наурыз көжедей!  
Ұлысың оң болсын,  
Ақ мол болсын,  
Қайда барса да жол болсын!  
Ұлыс бақты болсын,  
Төрт түлік ақты болсын!  
Ұлыс береке берсін,  
Бәле-жала жерге енсін!  
Ұлы халқым тоқ болсын,  
Көйлектерің көк болсын!  
Қайғы уайым жоқ болсын,  
Қуаныштарың көп болсын!  
Аумин! Аумин! Аумин!

С.АППАЗОВ,  
аудандық ардагерлер кеңесінің  
торағасы

## АУДАН ӘКІМІ С.МАМЫТОВТЫҢ аудан жұртшылығын Наурыз мерекесімен құттықтауы

**Қадірменді сарысулықтар!**  
**Ардақты ағайын!**  
Барша аудан жұртшылығын ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы болған, күн мен түннің теңелетін, жердүниенің көктеп-көгеретін, күллі тіршілік атаулының қайта түлеп-жаңаратын, айналасына шуағын шаша келетін науша-Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жыл басы болып келетін Әз-Наурыз мейрамы халқымыздың рухани жан дүниесін байыта түсері сөзсіз. Өйткені, барша отандастарымызды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ізгілікке, адамгершілік пен имандылыққа үндетін Ұлыстың Ұлы күнінің ұлтымыз үшін маңызы айрықша.

Бүгінде Әз-Наурыз мерекесі ару Алтайдан әсем Алатауға, қазыналы Қаратаудан қарт Каспиге дейін созылып жатқан байтақ еліміздің дамуы мен өркендеуіне зор үлес қосып отырған ел бірлігінің жарқын үлгісіне айналды. Сондай-ақ, халқымыз бен барша мұсылман баласы биылғы Наурыз мерекесін қастерлі Ораза айы үстінде қарсы алып отыр.

Бүгінде бұл мейрам ұрпақтар сабақтастығының және халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетінің символындай биікке көтерілді. Өйткені, Әз-Наурыз – ынтымақ пен берекенің, тәрбие мен тазалықтың, еңбек пен өнердің үкілі мерекесіне айналды.

Жаңаша сипатқа ие болған ұлтымыздың ұлық мерекесі Наурыз бүгінде еліміздегі ең үлкен жалпыхалықтық мереке биігіне көтеріліп қана қоймай, халықаралық статусқа да ие болды. Өйткені, қазіргі таңда ұлы өркениетімізден тамыр тартқан Ұлыстың Ұлы күнін – әлем халықтары да бірге атап

## Жыл басына қатысты ұғымдар

Әз. Халық аңызында күн мен түннің дәлме-дәл теңелер сәтінде көкті жарып ерекше бір гүл өтуге тиіс екен. Оны "әз" деп атайды. Көшпенді қазақ халқы "Оны қой гана біледі. Егер күндіз өтсе, қой арқылы қойшы гана аңғаруы мүмкін" деп жорамалдаған. Бұл ерекше гүл 22 наурызға дейін үш күннің ішінде естіледі-міс. Сондықтан халық арасында "Әз болмай, мәз болмайды" деген сөз қалған. Үш күннің ішінде тырнақ пен шаш алуға болмайды. Әз өткенде жер көктеп, гүлдер бүршік жарып, күллі тіршіліктің тұла бойына жан бітеді.

**Наурыз батасы.** Халық мерекеледе қыдырып, үйді-үйге барып, көже ішіп жүрегенде берілетін бата түрі. Аты айтып тұрғандай көбінесе Наурыз мерекесі кезінде беріледі.

**Наурыз жәумбақ** – наурыз айындағы жұлдыздардың қозғалысы мен орнына, күн мен түннің теңелуіне, табиғат құбылысына, бұл айдағы амалдар мен ауа райының өзгерісіне байланысты айтылатын жәумбақ

## Ақ мол болсын, жыл ырысты болсын

**Қадірлі жерлестер!**  
Баршаңызды еңбек пен бірліктің, татулықтың бастауы болып саналатын тамаша мереке - Наурыз мейрамымен құттықтаймын!

Әз-Наурыз – Ұлыстың Ұлы күні, қазақ даласына шуағын шашып келгенде бүкіл тіршілік атаулыға жан бітіп, ерекше күйге енеді.

Тамыры тереңге кеткен Әз-Наурыз қай кезде де еңсесі биік елдіктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі. Табиғаттың көктемгі жаңару кезеңі, молишылық, ізгілік пен жақсылықтың нышаны. Наурыз – халқымыздың тірлігі мен берекесінің көрінісі, биік рухымыздың, өрелі мәдениетіміз бен өнеріміздің, салт-дәстүріміздің өзегі.

Ұлыстың Ұлы күні – көңілде кірбің қалмай қауышатын, түсіністікпен табысатын күн. Тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз қуанышқа кенелтер ұлы мереке. Наурыз – ежелден келе жатқан мейрам. Шуақты мерекеледе тал көшеттері егіліп, бұлақ көзі ашылатын болған.

Биылғы Ұлыстың ұлы күні еліміз үшін ерекше күн. Себебі, Қасиетті Рамазан айымен тұспа - тұс келіп отыр. Дұға-тілектердің қабыл болып, жақсылықтарға айқара есік ашқан мың айдан да қайырлы айдың Наурыз мерекесімен қатар келуі елімізге ырыс пен бақ сыйлайтыны сөзсіз.

**Құрметті аудан тұрғындары!**  
Жер - жаһанға тіршілік нәрін сеуіп, ару көктеммен бірге келген жарқын мерекеміз - Ұлыстың Ұлы күні баршаңызға құтты болсын.

Сіздерді осынау рухани құндылықтарға толы мерекемізмен құттықтай отырып, зор денсаулық, жанұяларыңызға амандық тілеймін. Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы болған Әз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін.

Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт-береке, молишылық әкелсін.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

**Ш.МҰСАБЕКОВ,**  
аудандық мәслихаттың  
торағасы

## «АРМА, ӘЗ-НАУРЫЗ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өтетін мерзімі: 2025 жылғы 21 наурыз, сағат: 10.00-да  
Өтетін орны: Жаңатас қаласы, орталық алаңы

09:30 – 10:00	Елдің ертеңі, жасыл желек – «Еңбек Ерлері» аллеясында тал егу рәсімі
10:00 – 10:30	Ұлттық накышта безендірілген киіз үйлерді аралау, дәстүрімізден сыр шерту
10:30 – 10:40	Алтыбақан маңындағы көтеріңкі көңіл-күй, қазақы салттың көрінісі
10:40 – 10:50	Атадан қалған асыл мұра – ұлттық спорттық ойындарды тамашалау
10:50 – 11:40	Көңілді әуен мен би – мерекелік концерттік бағдарлама
11:40 – 12:10	Кең дастарханнан дәм татып, киіз үйлердегі қонақжайлықты сезіну

# Кел, наурызым, шық төріме думандай, Жүріт қарасын келбетіңе қайран қай.

## БАСТАҒЫ-қазақ жастарының дәстүрлі сауықтарының бірі.

Үйдің үлкендері жосаушылап кеткенде ауылдың қыз-кейіншектері сол үйге жиналып, «Бастағы» жасалады. «Қызға қырық үйден тыйым» деген берік қағиданы ұстанған қазақ қыздары, әдетте, мұндай басқосуға жеңелерімен немесе іні-сіңлілермен бірге келетін болған. Кейде жасын қызықты өтуі үшін сал-сері бозбалалар да шақырылған. Бастағыға жиналған қыздар үйлерінен күрт-май, қант-шайларын өздері әкеліп, ортақ дас-тархан жасайған. Бастағының екі түрлі тәрбиелік мәні бар. Алғашқысы баласының үйде отырып томаға-тұйық болып қалмауына, елмен араласуына, замандастарымен жақын танысуына жол ашу; қонақ күте білуге баулу. Енді бірі-қызды қазан-аяқ ұстауға, дастархан жасай білуге, т.б. үйрету. Сондықтан Бастағыны көбіне қызы бойжесте бастаған үйлер жасасаған. Бірақ Бастағы рұқсатсыз, бақылаусыз өтпеген. Өйткені, «шешесі қыдырмашы болса, қызы бастағышыл болады» деген сөз бар. Басқосу барысында жастар әзіл-оспақ айтысып, ұлттық ойындар ойнап, ән салып, күй тартып, әр түрлі өнерлерін ортаға салған. Әке-шешелері жол жүріп кеткенде, көріні жастар келіп, ол үйдің дастарханына бастағы жасатып, тағам дайындайды. Бұл-жосаушылардың басы ауырмасын, сырқамасын деген жақсы ойдан шыққан дәстүр.

## КӨГАЛДАНДЫРУ- КӨПТІҢ ІСІ



**ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ «АТАДАН МАЛ ҚАЛҒАНША, ТАЛ ҚАЛСЫН» ДЕН ТӘМСІЛДІ БЕКЕР АЙТПАСА КЕРЕК. ӘРИНЕ, БҮГІНГІ ҚОҒАМ ЖАСЫЛ-ЖЕЛЕКТІ КҮТІП ҰСТАП, КӨЗІНІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ САҚТАҒАНЫ ЖӨН. СОЛ ІЗБЕН ЖАЛҒАСҚАН САРА ЖОЛ ҚАЗІРГІ ТАҢДА САРЫСУЛЫҚТАРДЫҢ ДА БАСТЫ ҰСТАНЫМЫНА АЙНАЛҒАНДАЙ. ҚАЛАМЫЗДЫ КӨГАЛДАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖЫЛ САЙЫН КӨКТЕМ МЕЗГІЛІНДЕ ТИІСТІ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛАДЫ.**

Биыл да құт қонған аудан орталығы кеншілер шаһарында көктемгі тал егу «Жасыл қала» акциясы ұйымдастырылды. Акцияның негізгі мақсаты – қаланы көркейтуді қамтамасыз ету, келбетті жасыл желекке айналдыру. Осы мақсатта Жаңатас-Тараз бағытындағы күре жолдың бойындағы жасыл белдеуге 2000 түп қаратал отырғызылды.

Қаланың көркеюіне бастайтын берекелі бастамаға қала басшысы И.Домалақов бастаған қаланың зиялы қауым өкілдері де қолдау көрсетіп, көктемгі тал егу акциясына белсенді қатысты. Ізгі шарға қала әкімдігі аппараты, дербес бөлімдер мен мекеме қызметкерлері де өздерінің лайықты үлесін қосты. Бүгінгі ауқымды акцияға 230-ға жуық адам жұмылдырылды.

Қала басшысы акцияның өтуіне мұрындық болған барша жандарға ризашылығын білдіріп, қаланы жасылдандыруға тұрғындардың да үлесі қажет екенін атап өтті.

Қала тұрғыны, спорт ардагері Әлімхан Нұртаев:

«Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында тал егу акциясы – өте маңызды іс екені сөзсіз. Өңірімізде ағаш егудің ізгі дәстүрге айналғаны бізді қуантады. Аудан тұрғындары қаланың көркеюіне атсалысып, үзгілі істерімен үлкен шараға үлестерін қосып жүр. Бүгінгі екен көшеттеріміз бірнеше жылда жайқалып өсіп, қаланың сәнін ашады деп сенемін.

Тал – бейбітшілік нышаны, табиғаттың нәзіктілігі және оны қорғау қажеттілігін еске түсіретін белгі. Еккен талдар қаланың

экологиялық жай-күйін жақсартатыны да сөзсіз. Акцияға қатысқан оңалту орталығының еمدелушілері: «Бүгін еккен ағаштар тамыр тартатынына сенімдіміз. Алағай уақытта жасыл желектің әсерінен ауа тазарып, қолайлы микроклимат қалыптасады. Қасиетті Рамазан айында туған жеріміздің гүлденуіне, ауасының тазаруына әрі сауапты іске қол-көмегін беруге келген әрбір адамға алғысым шексіз,-деді.

Иә, әрбір азамат, әсіресе жастар, елді мекендерді тазарту және ағаш отырғызу жұмыстарына қатысатын болса, онда әр ауыл, аудан, қала және олармен бірге бүкіл еліміз де көркейе түседі. Қала – ортақ үйіміз, оның көркеюі мен жасыл желекке айналуы ел мерейі.

Сәулет ЕСКӘРАЕВ,  
«SARYSÚ»

**МЕН БҮГІНГІ СЫР ШЕРТПЕК БОЛЫП ОТЫРҒАН ТҮЛҒАМ ӨЗІМНІҢ ТУҒАН ӘПКЕМ ӨМІРДІҢ ТАУҚЫМЕТІН КӨП ТАРТҚАН, СОНДА ДА МОЙЫМАЙ БАЛА-ШАҒАЛАРЫН ӨСІРІП, ЕҢБЕК МАЙДАНЫНДА ШЫҢДАЛЫП, БАР БАҚЫТЫН ЕҢБЕКТЕН ТАУЫП, «АРДАҚТЫ АНА», «ТҮЛ АРДАГЕРІ» АТАНЫП БҮГІНДЕ 90 ЖАСҚА ТОЛҒАЛЫ ОТЫРҒАН ШАРДАРБЕКҚЫЗЫ ТӘЖІКҮЛ ТУРАЛЫ БОЛМАҚ.**

## Қариясы бар елдің, қазынасы бар

Шардарбекова Тәжікүл ел ашаршылықтан әлі ес жия қоймаған кезде 1935 жылы 11 сәуірде дүниеге келген. Балалық шағы аштықпен соғыс жылдарына тұспа-тұс келді. 1941 жылы соғыс басталып кеткеннен кейін 1-ші сыныпқа Жайылмадағы «Қызыл ту» бастауыш мектебіне барған. Халықтың көңіл-күйі жоқ, азаматтардың барлығы соғысқа аттанады. Ауылда бірі-жарым соғысқа жасарамаған азаматтар, бала-шаға, әйелдер колхоздың жұмысын жалғастырып жатты. Сол кездегі балалар ерте есейді. Кіп-кішкентай болып, аналарына көмек қолын созды. «Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін» деген ұранмен әскердегі азаматтарға қолдағы бар мал өнімдерінен шұлық, қолғап, мойын орағыштар тоқып жөнелтті. Шілтер, шөлі, кесте тігін үйлерін әдемділеуге тырысты. Сұрапыл соғыс қаншама жанның өмірін жаламады. Әйтсе де, түбінде жеңіс туы көк аспанымызда желбіреді. Тәжікүл әпкем 5-ші кластан бастап В.И.Ленин атындағы мектепке жаяу барып оқыды. 8,9,10 сыныптарды Байқадам қазіргі Саудақент ауылында орналасқан Каганович атындағы орта мектепте оқып бітірді. Соғыс жылдары анасы ерте қайтыс болып, өскере ерте аттанып 10 жыл бойы әскер қатарында болып келген Нохатұлы Аралбаймен бас қосуға тура келді. Бұл 1953 жыл еді. Қолда атасы бар, колхозға жұмыс істеуге шықты. Сол жылдардағы колхоздың торағасы Оспан Қабанбаев бұл кісіні алдығы қатарда жұмыс істеп жүрген жүгері звеносы Шолпан Құтжанова апайдың қасына жіберді. Ол уақытта колхоз «ақ жүгері» егетін. Шолпан апаймен бірге жасаған еңбек өз нәтижесін беріп, гектарына 12 центнерден өнім алды. Ауыл, аудан басшылары жасаған елеулі еңбектері үшін марапаттар жасады. Келесі жылы еңбеккер Тәжікүл әпкемді өз алдына звено етіп сайлады. Жеке звено болғанда да еңбегі еселеніп, колхоздың алдығы қатарлы «оңханшысы» болды. Сол кезде Нохат атасы қасында жүріп, жүгері алқабын қарауылдады. Бейнетпен қатар аналық борышын өтеп, дүниеге әкелген үш перзентін жер қойнына тапсырды. Жолдасы Аралбай аға да шаруашылықтың бел ортасында жүрді, колхоздағы алғашқы озат шоферлардың бірі болды. Осы бейнеттерде отбасы мүшелері қатар жүріп еңбек етіп, 1956 жылы Нохат атасы дүниеден өтті, артынаша дүниеге ұл келді атасының, о дүниеге кетер алдында қойып кеткен Елемес есімін берді.

1957 жылы Жайылма төңірегіндегі колхоздар біріктіріліп, Жайылма совхозы болып құрылды. Сол кезеңдерде әпкем совхоздың құрылыс бригадасында жұмыс істеді. Одан ары оқу оқып, білімін жетілдіру мақсатында 1964 жылы Жамбыл қаласындағы мәдени ағарту училищесіне кітапхана мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1967 жылы аталған оқу орнын бітіреді. 1967-1987 жылдары Жайылма ауылындағы кітапхана жүйесінде кітапханашы болып қызмет атқарды. Жұмыс істеген жылдары еңбекқорлығы, тиянақтылығымен көзге түсіп аудан, облыс марапаттарына да ие болды. (Әрине, атын атап, түрін түстеп жазуға да болар еді құжаттар сақталмапты) 1987-1989 жылдар аралығында қайтадан құрылыс бригадасында жұмыс істеп, зейнеткерлік демалысқа шықты.

Бұл кісіні «алтын құрсақты ана»-деп айтуға тіптен лайықты, жоғарыдағы атап кеткен барлық қиыншылықтарды арқалап жүріп, өмірге 10 перзент әкелді. Жан жары Аралбай ағамыз совхоздың жұмысымен күні-түні демей қысы-жазы Арқа, Бетпақ, Шұда жүрді. Соғыс зардабын көріп өскен азамат өте сабырлы, жұмыстарына өте тиянақты, өзінің жұмысын жақсы көретін, өзіне тапсырылған жұмыстарды уақытында орындап отыратын аяулы азамат еді.

Осы екі асыл азаматтан тараған ұл-қыздар да ата-аналарына тартып еңбек сүйгіш болып өсті. Үлкен ұлы Елемес Ташкент қаласындағы



электр мамандарын даярлайтын техникумда білім алып, Жаңатас қаласындағы Қаратау өндірістік кеңесінде энергетик болып жұмыс істеп, зейнеттік демалысқа шықса да әлі күнге дейін электрик болып жұмыс жасап жүр. Екінші ұлы Ескермес те Тараз қаласында электр жүйесі мекемесінде дәнекерлеуші болып жұмыс істейді, зейнеттік демалыста жүрсе де еңбектен қол үзбеді. Үшінші ұлы Алғабай да электр жүйесі саласында Түркістан қаласында қызмет атқарауда. Одан кейінгі ұлы Ілгерібай қара шаңырақта тұрып жатыр. Жайылма ауылындағы балалар бақшысында ұста. Кенже ұлы Мұхтар Алматы қаласындағы М.Тынышбаев атындағы қазақ-көлік және коммуникациялар академиясын инженер мамандығы бойынша тәмамдады. Тараз қаласындағы М.Х.Дулати атындағы университеттің Заңтану факультетін оқып «Заңгер» мамандығын алды. Л.Б.Гончарев атындағы автомобиль жол институтының магистратурасын аяқтап, қазіргі таңда докторантурасын оқып жатыр. Сонымен қатар Л.Б.Гончарев атындағы автомобиль жол институтында аға оқытушы. Аралбай аға мен Тәжікүл әпкемнен тараған қыздардың бәрі оқу орындарын бітіріп, мамандықтары бойынша қызметтер атқарды. Үлкен қызы Аманкүл бухгалтер болып жұмыс істеп, қазір зейнеткерлік демалыста. Жеңіскүл мен Райхан бірнеше жылдар бойы білім саласында мұғалім болып қызмет атқарды. Кіші қызы Жұмакүл Шығанақ ауылындағы балабақшада тәрбиеші болып жұмыс жасап жатыр. Өмір бір орында тұрмайды ғой, 2002 жылы жан-жары Арекеңді мәңгілік мекеніне шығарып салды. Раушан қыздары бірнеше жылдар бойы науқастанып 2023 жылы дүниеден озды.

Тәжікүл Шардарбекова ұл-қыздарынан 40-тан астам немере, 50-ден астам шөбере сүйіп отыр. Заман талабына сай немерелер де білім алуда, алды Америка Құрама Штаттарында қызмет жасауда. Немерелерден туған балалардың алды жоғары оқу орындарында оқып жатыр. Осынышама еңбекті, қиыншылықтарды мойнымен көтеріп, бүгінгі күні бақытты әже атанып, өзінен тараған ұрпақтарының қызығын көріп отыр. Балалардың барлығын адал еңбек етуге үйретті. Соның арқасында еңбектің тәтті нанын жеп, зейнетте немерелерін өсіріп жатыр. Еңбек адамды бақытсыздықтан сақтайды, өмірге құлшынысын арттырады, жақсы өмір сүруді қалыптастырады. Еңбектің бейнетімен шыңдалған әпкем әлі тың, бақытты, өміріне ризашылығын айтып отыр.

Бірде-бір қарияға «жүзге» келіңіз десе, қария мұны айтып отырған жүзге келмегендердің сөзі ғой десең екен. Әрине 100 жас адам баласы үшін шарықтау жас. Дегенмен біз өпкеміздің 100-ге келгенін қалар едік, шопшектерінің қолынан май жасалса екен деп тілейміз. Бәрін уақыт көрсетеді. Алланың берген жасын жасап, ортамызда аман-есен жүріңіз.

Балкүл ШАРДАРБЕК,  
еңбек ардагері, Халық ағарту ісінің озық қызметкері

# Табигаттың тұмса шағы тамсанитын, Халқымы да бір жадырасын сайрандан.

ӘР АДАМНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ, ТАҒДЫРЫ ӘР БӨЛЕК  
БОЛАТЫНДЫҒЫ БЕЛГІЛІ. КҮН АРТЫНАН КҮНДЕР  
ӨТП, ЖЫЛ АРТЫНАН ЖЫЛДАР ӨТЕ КЕЛЕ,  
БЕСІКТЕН БЕЛІ ШЫҚҚАН ПЕРЗЕНТТІҢ ҚАЙСЫСЫ  
БОЛСЫН, ЕСЕЙЕ КЕЛЕ ҮЛКЕН ӨМІР  
СОҚПАҒЫНА ТҮСЕДІ.

## Еңбегін кетпес далаға...



Сол үлкен өмір соқпағына түсіп, жүріп өткен жолында бедерлі белгілер қалдырған аяулы қыздарымыздың бірі-еңбек ардагері, үлкен ұстаздық жолдан өткен, алуан қызметтің тұтқасын мығым ұстаған Гүлнәр Құлышбайқызы туралы бірер толғамды ойлар айтуды жөн көрдік. Сонау 1976 жылдың тамыз айында мамырында ақ банктікі балауса қыз Гүлнәр сүйікті мектебімен қош айтысып, үлкен өмір жолына түскеннен бері жарты ғасырға жуық мерзім өтті. Алыс бес деген жас та есік қағып, еперіне де аз ғана күндер қалыпты. Гүлнәр Құлышбайқызы-текті жердің қызы. Арғы түбі қазақтың ұлы қобыз абызы Дуқенұлы Бқыластың туған бауыры Жанастың шөбересі. Ол жас кезінен сол ұлы атасы мәңгілік тыныс тапқан Шу өңірінде оқып, орта мектепті сонда аяқтады. Аңызға толы, небір шежірелі сырларды бауырына бүккен Жайлақол ауылы жас Гүлнәрдің қанаттануына, зерделі, рухы сергек болып бойжестуіне ерекше ықпал етті.

Ол кезде Ықылас бабадан тараған ұрпақтардың біразының көзі тірі еді, туған немерелерінің барлығы дерлік өмірде бар болатын. Илья Жақанов ағасының жас дүниеді тербейтін даңқты әні «Жайлақол кеітерінің» де тек Шу өңірі, Сарысу өңірі емес, бүкіл қазақ даласының аспанында шалықтап, шарықтап тұрған шағы еді.

Гүлнәр бала кезінен жігерлі, өз-өзіне деген сенім күші берік болып өсті. Белгілі бір іс-әрекетке кіріспес бұрын оны жан-жақты ойлап, толғанып барып, оң шешім қабылдауға дағдылданған еді. Осы сындары әрекет, әдеті қызмет еткен жылдары сенімді сергі болды.

Осының барлығы отбасылық тәрбиенің ықпалы болғандығына дау жоқ. Әкесі Құлышбай мал дөңгесі, анасы Биза балабақша тәрбиешісі болды. Гүлнәрді алты жасында мектепке береді. Ол ата-аналары туралы өз естелігінде былай дейді: «Менің мектепке ерте баруым қайта пайдасы болды; бала кезімнен артта қалмай алға ұмтылушылық қасиет бойыма сіңген әдетке айналды. Өмірде кей адамдар тек қана жеңісті биіктерден көрінуге ұмтылып тұрады ғой, мен де осы топқа қосыламын. Бұл орайда, әкем мен шешемнің тәрбиесі зор ықпал етті деп айтамын. Олар аса мейірданды болып қана қалмай, балаларына қатаң талап қоя білетін. Бірақ өмір жолымызды таңдауға еркіндік бергені ерекше атап өтемін. Мектеп бітіре салып, он алты жасымда тұрмысқа шықтымын. Сол кездегі ұғым бойынша, бұл шектен шыққан жайт деп саналатын. Бірақ оған мен еш өкінін жоқпын», - дейді.

Сол жылғы Гүлнәр Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филологиялық факультетіне оқуға түседі. Сүйген жары Жансейіт Алматы қазақ темір жол институтының үшінші курсына оқып жүрген.

Міне, осы студенттік өмір жолдарында сан түрлі қиыншылықтарға қайыспай қарсы тұрып, көптеген кедергілерді жеңе білді. Екеуінің бір-біріне деген шынайы сүйіспеншілігі, құрметі, Жансейіттің ата-аналарының мықты қолдаулары олардың оқуларының сәтті аяқталуына үлкен септігін, көмегін тигізді. Алғашқы перзенттері де осы жылдары дүниеге келді. Былайша айтқанда, өмірдің мұндай сынақтарын, оқуын оқып, емтиханын тапсыру, пәтер жалдап тұру, балаларды бағып-қағу секілді тірліктер оларды шыңдай түсті. Кездескен кедергілерді еңсерумен келген жеңістің қай уақытта да қадірі болатыны ақиқат.

Гүлнәр жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін бір жылдай Жайлақол ауылында мұғалім болды. 1982 жылы Жансейіт Талас ауданының Коктал ауылына келіп, темір жолға қызметке

орналасады. Ол да сол ауылдағы мектепте бір жылдай мұғалім болып еңбек етті. Бұдан кейін Талас ауданының орталығы Қаратауға ауысқан кезде аудандық әкімдікке қызметке ауысып, сонда 1998 жылға дейін маман болып еңбек етеді. Әр ісіне тиянақты, тірлігі бекем Гүлнәр 1998 жылы аудандық АХАТ-тың меңгерушісі қызметіне тағайындалды.

Бұл қызметті ол бес жыл атқарды. Адам өмірінің қуанышты сәтінде, яғни үлкен өмір жолына қол ұстасып бірге аттанған жастарға ақтарыла ақ тілек айту, қолдарына неке туралы куәлік тапсыру, дүниеге жаңа келген сәбиге туу туралы құжаттың рәсімдеу, жас ата-аналарға ақ жол, ұзақ ғұмыр тілеу сәттері адам жанына қуаныш ұялататыны екібастан белгілі. Осы жылдары Тараз қаласындағы А. Ясауи атындағы халықаралық университеттің заң факультетін бітіріп, екінші жоғарғы білім алды.

Г.Құлышбайқызының іскерлігі, қабілеті, талапшылығы басшылық тарапынан елеусіз қалған жоқ, 2003 жылы ол Талас ауданы әкімінің орынбасарлығы қызметіне жоғарлатылды. Әлеуметтік, экономикалық, мәдени саланың сан алуан мәселелерін үйлестіру, ұйымдастыру көп күш-жігерді, білімді қажет етеді. Жігерлі, талапшы аудан әкімі Батырбек Құлекеевпен бірге қызмет атқарған кезеңдер Гүлнәрдің есінде ұзақ сақталып қалды. Аудан облыстық рейтингте үнемі кеуделі тұстап көрініп жүрді.

Әрине, басшылық қызмет атқарған соң халық арасында жеті болады. Алуан түрлі, алуан мінезді адамдармен жолығады. Олардың тарапынан қойылған өткір сұрақтарға оралымды жауап бере білу, қойылған мәселелердің оңтайлы шешімін табу іскерлікті, біліктілікті талап етеді. Осы қызметті жеті жылдай абыройлы атқарды. 2010-2014 жылдары Талас аудандық білім бөлімінің басшысы болды. Аудан мектептерінің, балабақшаларының, басқа да серіктес білім ұяларының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, жаңа тұрпатты оқу бағдарламаларының оң бағытта жүзеге асуына аз күш жұмсаған жоқ. Гүлнәр Құлышбайқызы 2014-2019 жылдары Тараз химия-технологиялық колледжінің директоры болды. Бұл орайда іскер басшы жоғары деңгейден көрініп, көптеген мақтау, марапаттауларға ие болды. Қоғам талабына сай жеке тұлғаларды қалыптастыруға сіңірген еңбегі үшін, ағарту саласындағы жетістіктері үшін, жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Бібірай Алтынсарин» белгісімен, «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін», «Облысқа сіңірген еңбегі үшін», т.б. құрмет белгілері және көптеген грамоталарымен марапатталды. Ол Талас ауданының Құрметті азаматы, Тараз қаласының Құрметті ардагері. Гүлнәр Тұрсынбекова-бақытты отбасының отанына. Аяулы жұбайы Жансейіт екеуінің бауырынан орған үш перзенті де ақарлы-шақарлы. Ең өкініштісі, сонау Ақтау қаласында тұратын қызы Қарлығаштың осыдан үш жыл бұрын өмірден озуы отбасына оңай тиген жоқ. Тас түскен жеріне ауыр. Енді жас немерелерінің, күйеубаласы Нығметтің орта түскен отбасының уақыт өте келе еңсе көтеретініне сенімді. Екінші қызы Гүлнәр да жолдасы Бақытжанмен тату-тәтті өмір сүріп, өз мамандықтары бойынша еңбек етіп, ұрпақтарын тәрбиелеуде. Жақында үлкен ұлдары үйленіп, отау тікті. Қара шаңырақ иесі Жансерік қалалық сотта судья болып қызмет атқарады. Келіні Фалия да ибалы, тәрбиелі жан. Жансейіт екеуі немерелерінің ортасында, ата, әже болып, адами қызықылықтың шапағат, шауағына бөленуде. Гүлнәр зейнет демалысына шыққан соң да біраз уақыт Тараз қаласы әкімінің кеңесшісі, сонымен қатар Тараз қалалық қоғамдық кеңес мүшесі болды. Осы күнде де қоғам өміріне белсене араласудан бой тартпай, жастармен өз тәжірибесімен бөлісуге ықыласты. Күнделікті тіршіліктен бір сәт қол босағанда көркем әдебиетке ден қояды. Мұқазалидың, Мұхтар Шахановтың, Күлшінің, Фаризаның жырларымен сусындайды.

Ол өзінің туған жері Сарысу мен саналы ғұмыры, белсенді еңбек еткен Талас ауданында болып жатқан жақсы жаңалықтарға үнемі құлақ түріп, қуанып, тілеулер болып отырудан бір жаңылған емес. Өйткені сол Талас ауданында тұп-тура 32 жыл, мемлекеттік қызметте 29 жыл тер төккен екен. Осынау мерейлі тұста аяулы қарындасымыз Гүлнәр Құлышбайқызының қызықылығына ортақтасып, ағалық ақ тілегімізді айтуды ырыс санадық.

**Периебай ДҮЙСЕНБИН,**  
жасаушы

ҚОНАҚҚАДЕ-

көңілді отырудың, үй иесінің, сонымен бірге қонақтың риясыз көңілін білдіретін белгі.

Үй иесінің қонағына қонаққаде айтыңыз деп өтініш жасауға хақы бар. Бұл «өлең айтыңыз, өнер көрсетіңіз» дегенді білдіреді. Екіншіден, бұрынғы адамдар жастарды өлең айтуға, айтысқа, иешендікке, домбыра үйренуге ерте баулыған. Олардың «сезіз қырлы, бір сырлы» өнерпаз болып өсуіне қолдау көрсетіп отырған. Өйткені қонаққаде айта алмай қалу - ыңғайсыз жағдай болып қалыптасқан.

ЕРҮЛІК

-дәстүрлі халықтық жоралғының жарқын үлгісі. Жаңадан көшіп келген, жаспарлас қонған отбасына бұрыннан отырған көршілері қонақасы береді, дәм-тұз татырып, ықылас-пейіл білдіреді. Ерулік беру арқылы ауыл тұрғындары жаңа көршілерін өздеріне етене жақындастыруды, ботемсітпеуді

де көздейді. Ерулік қысқы соғымның субелі мүшелерінен (қазы-қарта, жал-жасая, т.б.) пісіріледі немесе қой сойылып шақырылады.

# Наурыз

## Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

**НАУРЫЗ-КӨКТЕМГІ КҮН МЕН ТҮННІҢ ТЕҢЕЛЕТІН КҮНІ. БҰЛ КҮН-АСПАН ДЕНЕЛЕРІ ӨЗДЕРІНІҢ ЕҢ БАСТАПҚЫ НҮКТЕЛЕРІНЕ КЕЛІП, КҮН МЕН ТҮН ТЕҢЕЛЕТІН, ЖАН-ЖАНУАРЛАР ТӨЛДЕП, АДАМДАРДЫҢ АУЗЫ АҚҚА ТИЕТІН, ЖЕР ҮСТІНЕ ШАТТЫҚ ОРНАҒАН КҮН.**

Қазақ елі осы күнді «Ұлыстың ұлы күні-ұлыс күні» деп атаған. Наурыз сөзі иран тілінің nou-«жаңа», руз-«күн» деген сөздерінен қалыптасып, жылдың бірінші күнін білдірген. Ал қазақ тілінде «наурыз» сөзі біріншіден, жыл басында тойланатын думанды халықтық мейрам, екіншіден, наурыз айы, үшіншіден, ұлыс күні жасалатын көзге қатысты айтылады. Наурыз мерекесін ежелгі гректер «патрих», бірмалықтар «сумейрам», тәжіктер «сулгардон», «бәйишешек», «гулнаурыз», хорезмдіктер «наусардж», татарлар «нардуған», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наурыз», армяндар «наварсари», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған. Шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлайтыныдығы жайындағы көне деректер бізге Әбу Райхан Бируни, Ибн Балхи, Омар Хайям еңбектері арқылы жетіп отыр. Мәселен, иран тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндері әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды, жаңа өнген жеті дәнге қарап келешек егін жайлы болжайды. Конетоз киімдерін тастап, үйдегі ескі шыны-аяқты сындырады, бір-біріне гүл ұсынып, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою - «күн символы» салады, үйдің тіреу ағашына гүл іледі.

Көктем мезгілінің шақты мерекесі-Наурыз 1988 жылы қайта жаңғырды. Қазақстан Президентінің Жарлығымен елімізде Наурыз мейрамы 2010 жылдан бері тойланып келді. БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен 2010 жылы Наурыз халықаралық мейрам мәртебесіне ие болды.

Қазақтар Ұлыс күнді «жыл басы» санайды. Тілімізде Наурызға қатысты «жер бетіне жақсылық ұялаған күн», «ұлыстың ұлы күні - ұлыс күн», «ұзақ ұшып келген күн», «жыл басы» - жылықтың торағай (наурызқоқ) келген күн, «көк құтан көзін (өсімдік) ашқан күн», «жылдың жерге түскен күні», «Жер-Ананың тоң кеудесі жібін, тас емшегі иіген күн», «Самарқанның көк тасы еріген күн» тәрізді бейнелі сөз оралымдары сақталған.

Наурыз мейрамы тұрасындағы тағы бір дерек. 22 наурызға дейін Көрісу салты атап өтіледі. Қыстан аман-есен шыққан халық, туыс-туған, жасы үлкен қариялармен көрісіп, көрші-көледі қонаққа шақырып, атап өтеді. Бұл күні барлығы араздықтарын ұмытып, өкпе-

реніштерін кешіріп, бір-бірімен қауышады. Бұл-«Амал» деп аталады. Халық алдағы жылға амал етеді. Осылайша жаңа жыл алдында халық толықтай аман-саулық сұрасып, көрісуді өткізеді. Көрісу-14 наурыз күнінен басталып, жыл соңына дейін жалғаса береді. Белгілі бір себептермен көрісе алмаған туыс-туғандар мүмкіндіктеріне қарай жолы түскен уақытында көрісуге келеді. Қазіргі уақытта бұл салтты Маңғыстау, Атырау өңірінің халқы сақтап қалған.

Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша, 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды екен. Сол себепті, осы күн «Қыдыр түні» деп аталады. Қыдыр - адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейінде көзге көрінетін қиял-гажайып кейіпкер. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен Күн нұрының символы-Қыдыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жәбітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен.

Ұлыс күні-тапталық тойы, шаруа, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт бар реніш-өкпесін ұмытып, кінәсін кешіп, тек жақсы тілектер тілейді. Көңілдің жаңаруы деген осы. Таң атқаннан бастап таныстарының үйіне кіріп, құтты болсын айтады, аулаларын кір-қоқыстан тазартып, ағаш отырғызады, гүл еседі. Әр жерде ұлттық ойындардан жарыс ұйымдастырылып, ән шырқалады, би биленеді, қыз-жігіттер алтыбақан тебеді.

Наурыз күні наурыз көже пісіріледі. Әр үйдің дастарқанына ақтан (сүт тағамдары), көк ырыстан (дән тағамдары мен жеміс-жидектер) және қызылдан (етпен жасалатын тағамдар) жеті түрлі дәм қойылады. "Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!" деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата - үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: "Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барсаң жол болсын!" деп бата береді. Тәуелсіздігіміздің арқасында қайта жаңғырған, дәстүрімізді дәріптеп, асыл мұраларымыздың бедерін айшықтауда орны ерекше бұл мереке қазақ халқы үшін «жақсылықтың бастауы» бола бергей.

«SARYSY-AQPAPAT»

# Наурыз келді, көктем келді ағайын, Жадырайды, жаңғырады маңайым.

## АТ ТЕРГЕУ.

Ол – адамды сыйлауға арналған ізеттілік әдет-ғұрып. Ұлттық болмыс бойынша әйелдер атасына, қайнағасына, қайынысына, қайынсіңілісіне атын атамау үшін қосымша ат қояды. Мұны ат тергеу деп атайды. Мұндайда қойылатын аттардың кейбірі мынадай: «Мырза қайнаға», «бай атам», «би аға», «теңтегім», «еркежан», «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашаулым». Жеңелері қайындарына әзілдеп, бойлары тапал болса «сұңғактым», жайбасар болса «жүзігім» деп те ат қояды. Ер адамдар да өзінен үлкендерді Мәке, Сәке деп құрметтейді.

**СӘЛЕМ САЛУ** – қазақтың ежелден келе жатқан аса сұлу салт-дәстүрлерінің бірі. Жаңа түскен келін өмірінің жаңа парағы беташарында қайып жұртына сәлем салудан басталады. Бұл дәстүр қазақтылықты қаймағы бұзылмаған оңтүстік пен батыста жақсы сақталуы осы үрдістің ертеден келе жатқан нағыз ұлттық қасиетіміз екенін білдіреді.

Келін иіліп сәлем салуы арқылы қайып жұртындағы үлкендерге деген ерекше құрметін білдірсе, алдарында ізет көрсетіп басын иіп жатқан келінді олар да еріксіз сыйлауға мәжбүр. Сәлем салу жай ғана иіле салу емес, оның ар жағында үлкен тәрбие жатыр. Сәлем салған келінге риза болған үлкендер де «Өркенің өссін», «Бақытты бол», «Көп жаса» деп ақ батасын береді. Себебі оның алдына өмірді жалғастырушы ана, ошаниесі, отбасын тәрбиелейтін жан иіліп сыйластығын білдіріп жатыр. Міне, осылайша әр қазақ отбасында адамдардың бір-біріне деген құрметі мен татулығы қалыптасады.

ҚАЗАҚСТАН-МЕМЛЕКЕТ ҚҰРАУШЫ ҚАЗАҚ ҰЛТЫ ЖӘНЕ КӨПТЕГЕН ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ ТІРЛІК КЕШІП ЖАТҚАН ҚҰҚЫҚТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ. САЛТ-ДӘСТҮРІ МЕН ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМІНЕ КЕЛСЕК, ЕЛІМІЗДЕ ТҰРАТЫН ӨЗБЕК, ТҮРІК, ТҮРКІМЕН, ӨЗЕРБАЙЖАН, ТАТАР Т.Б. ТҮРКІТЕКТЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРПЫ БІР-БІРІНЕ ЖАҚЫН. СОНДЫҚТАН ОЛАРДЫҢ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАУЫ ДА ҰҚСАС ДЕУГЕ БОЛАДЫ.

## Өзге ұлт мерекені қалай тойлайды?



Ескерте кетейік, бидай өндіріліп жатқан болмаса әдетте тек дайындаушы ғана кіреді. Бұл наным-сеніммен байланысты болуы керек. Кез келген адамды ол жерге кірегіз бермейді, кіретін адам дәрет алып, тазарып, «бісміллесін» айттып, бастысы-таза иетпен кіруі шарт.

Ине бойы өнген бидайды тақпадан алып, бөліктерге бөліп, ет тартқышымен майдалайды, үстіне су құйып араластырады, оны дәкеге салып, сығып солін алады. Сүзгіден үш қайтара өткізіп, алынған бидай солдері бөлек ыдыстарда сақталады. 1 кг өндірілген бидай үшін 4 кг ұн, 1 кг мақта майы қажет. Алдымен майды қазанда тұшытып, суытады. Майға ұн салып, артынша ең бірінші алынған солді құйып қайнатады. Жоғары температурада қатты қайнаптыған соң, екінші солді, ол да қайнап шыққан соң үшінші сүзгінің солін құйып қайнатады. Қайнап тұрған қазанға жақсылап жуылған 20 шақты тас және 10-15 шақты жаңғақты салып жібереді. Тас азықтың қазаның түбіне жабыспауы үшін қажет. Ал жаңғақ ерекше дәм мен ынтамандар қосады.

Тас салынған соң 10-12 сағаттай қайнатады. Қайнау барысында жан-жағынан ожаумен үзбей қозғап отыру қажет. Әйтпесе азық қазаның түбіне шөгін, таспен бірге жабысып қалуы мүмкін. Міне, осы кезде бала-шаға жиналып ойын ойнайды, өнерлілер өнерлерін көрсетеді, жұрт жиналып ән айтып, мәзмейрам болады. Тағам әбден қайнап, қоюлана бастағанда, астындағы алауды сөндіреді де, бетін дастарханмен жауып, үстінен қақпақпен бастырып қояды. Содан 5-6 сағаттай уақыт өткен соң Наурыздың таңғажайып тағамы-сумалақ дайын болады. Сумалақ пісірудің қызығы мол. Ортақ қазаннан дәм тату мақсатында біресе қимылдаған адамдардың ынтымағы арта түседі, қазаның басында жүріп келелі мәселелерін ақылдасып та алады. Бұл- Наурыздың ізгілік, береке, ынтымақ идеяларымен астасып жатқандығын танытады. Сонымен қатар болса керек, өзбек халқы Наурыз дегенде-сумалақты, сумалақ дегенде-Наурызды түсінеді.

Дилбар ТИЛЕГЕНОВА, Өзбек этно-мәдени орталығының жетекшісі

## Өзбек ұлты

Өзбек ұлты наурызды қалай қарсы алса, келер жыл солай өтеді деп сенеді. Сол себепті бір-бірін кешіріп, жақындарына сыйлық ұсынып, қуанышқа бөленуді мақсат етеді. Жұрт ұлттық киімдерін киіп, ән айтып, би билейді. Әтеш төбелестіріп, ит таластырады, қошқар сүзгісіріп, қызыққа батады. Кей өңірлерде бәйге, жорға салады. Алуан түрлі тағам жасайтын өзбек әйелдері бұл күні «қазан толды» дайындап, наурыздың сыйлы асы – сумалақты жасайды. Бидай ұнынан жасалатын сумалақты бақытты өмірдің, молшылық пен жылылықтың тағамы деп ырымдап ішеді.

Сумалақ - жаңа өніп шыққан бидайдан жасалатын сұйық тағам. Көп еңбекті қажет ететіндіктен, оны көбінесе бірнеше отбасы жиналып, үлкен қазанда пісіреді. Алдымен бір келідей бидайды суық сумен жақсылап жуып, сырлы ыдысқа салып, үстіне су құйып, 1-2 күндей жәбітеді. Суга жәбіп, қауызын жара бастаған бидайды таза, жұқа ағаш тақтаға 1 см қалыңдықта жайып, күн соулесі тігінен түспейтін болмаса қояды. Жақсылап өнуі үшін үш-төрт күн бойы үстінен су себелеп тұрады.

## Күрді ұлты



Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне ерекше дайындалады. Мерекеден алдын әрбір шаңырақ үйлерінің айналасын тазалап, талғегеді. Қазақ халқы мерекені 14-22 наурыз аралығында тойласа, біздер 21-28 наурыз аралығында мерекелейміз. Сол күндері «Халва» пісіреміз. Халва-ұн, тұшымталған қолдың майы, сүт, су және қанттан дайындалып, мереке күнгі дастарханға қойылады. Сол күні ерте тұрып, ұлттық киімдерін киіп, көршісінен бастап, барлық ағайын-туыстарына кіріп шығады. Мерекеден бұрын ренжісіп қалған болса, наурызда дереу татуласып, бар өкпе-реніштерді ұмытады. Негізі салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыз бір-бірімізге ұқсас. Бізде де мереке күні «Наурыз көже» пісіріледі. Көже-

жалбыз, жабайы шавель, арпа жармасы және айраннан жасалады.

Сонымен қатар, етпен қуырдақ та пісіреді. Күндіз киімдерін киіп, ән айтып, би билеп тойласа, кешке жастар бір жерге жиналып, от жағады. Ол үшін күндіз ағын тұрған судың бойынан тастарды жинап қояды. Сол күні от жағып, оның үстінен жеті рет секіріп, арман-тілектерін айтады. Бұл отбасына жетістік әкеледі деген сенімнен туған дәстүр. Оттың айналасына дөңгелете қойылған тастарды ертеңіне алып, тастың астынан жәндік шықса, армандар орындалады деп түсінеді.

Сайран АЙДАРОВА, «Барбанг» этно-мәдени орталығының жетекшісі



## Көрісу күні «Амал» мерекесі

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫҢ БІРІ - БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ КӨРІСУ КҮНІНЕ ОРАЙ САУДАКЕНТ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА ӨТТІ.

Іс-шараның мақсаты: кеш қонақтарына қазақ халқының көнеден келе жатқан дәстүрлерінің бірі - Көрісу күнінің немесе «Амал» мерекесінің ерекшелігімен таныстыру, ұлттық дәстүр туралы білімдерін одан әрі дамыту және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, сыйластыққа баулу.

Мерекелік шараға аудан әкімінің орынбасары Ерлан Ермаганбетов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аппазов Серік, аудандық алқа билер кеңесінің төрағасы Жандарбек Қалмырза, зиялы қауым мен қоғамдық ұйымдар, жас-тар өкілдері және ауыл тұрғындары қатысты. Барша жұртшылықты Көрісу күні «Амал» мерекесімен құттықтаған аудан әкімінің

орынбасары Ерлан Ермаганбетов бүгінгі көрісу күнінің мағынасына тоқталып өтті. Бұл күні ауыл үлкендері бір – бірімен амандасып, қол алысып, «Жасың құтты болсын!», «Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын!» - деген тілектерін айтты. Саудақент ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздары ән мен жырдың тиесіні ағытып, театрландырылған көрініс көрсетті. «Ұрпақ азбасын, дәстүр тозбасын» - деп, мерекелік кеште ауыл қариясы Әмірбеков Жеңісбек ақ батасын берді.

Көрісу – «Амал» мерекесі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, әлсіздерді қорғап, жоқтарға қол ұшын созып, қолдайтын, береке мен бірліктің мейрамы. Игі дәстүр бүгінде ұлттық ерекшелігіміз ғана емес, гасырларға жалғасып келе жатқан ұрпақтар сабақтастығының алтын көпірі.

## «Кұрсақ шашу» дәстүрі

САУДАКЕНТ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН, ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫНЫҢ БІРЕГЕЙ ДӘСТҮРІН ҰРПАҚҚА КЕҢІНЕН НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА «КҰРСАҚ ШАШУ» ДӘСТҮРІ ҰСЫНЫЛЫП, ЖАС БУЫНҒА ТАНЫМДЫҚ ДЕРЕКТЕР БЕРЕТІН, ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРІМІЗДІ ҰЛЫҚТАҒАН КӨРІНІС КӨРСЕТІЛДІ.

Бұл көрініс арқылы халқымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын санамызда қайта жаңғыртып, жастардың бойына сіңдіріп, әдет-ғұрыптың тарихын біліп, оны қастерлеу – парыз екендігін ұғындыру болатын. Халқымыздың «тал бесіктен, жер бесікке» дейінгі өмірі салт-дәстүрмен тізбектелгені белгілі. Қазақ халқының қай дәстүрі болмасын онегелілікке, ізеттілікке жол бастайды. Соның бірі – «кұрсақ шашу» дәстүрі. «Кұрсақ шашу» дәстүрі - қазақ

халқында жүкті әйелдің құрсағындағы баланың денсаулығын, сұлулығын және болашақтағы өмірін қорғау мақсатында өткізілетін дәстүр. Бұл дәстүр ерекше сәттерді атап оты, туған-туыстар мен достардың қолдауын көрсету, әрі сәби дүниеге келер алдында ана мен балаға деген жақсы тілектер мен дұғаларды білдіру үшін ұйымдастырылады.

Камели СҮЛЕЙМЕНОВА,  
«SARYSY»

# Назды, сазды науан Наурыз, армысың? Сұлу мүсін саған біткен бар мүсін.

## Жыр шашу

Қош келдің,  
Әз-Наурыз



## Ораза айы

Отыз күн тұтқан оразаң,  
Қабыл болсын барша жан.  
Тілектерің сұралған,  
Қайырлы болсын Алладан.  
Бір Аллаңың құлымыз,  
Сынағы үшін жаралған.  
Отыз күн тұтып ораза,  
Күнәлардан адалдан.

Кешірім айы отыз күн,  
Тұтсаң егер ораза.  
Күнәлардан тазартар,  
Жаратқан Алла Тағала.

Бес парыздың біреуі,  
Отыз күндік ораза.  
Құлына парыз еткен гой,  
Парызыңды амалда.

## Аналарды құрметте

Жұмақтың сен кілтің іздеп шарқ ұрдың,  
Босқа іздейсің басқа жерден алтыным.  
Аналардың табанының астында,  
Жатқандығын білесің бе жарқыным.

Ана бізді алып келді өмірге,  
Жарық күнді сыйға берді көруге.  
Сол сыйымен өмір сүріп жүрміз гой,  
Ешқашанда тима ананың көңіліне.

Ұлыстың Ұлы күні мерекелі,  
Қош келдің, Әз-Наурызым берекелі.  
Сары майдай сақтаған сур етпенен,  
Наурыз көже ішкенге не жетеді?

Күмбірлетіп күй тартып, ән салдырдың.  
Қош келдің «Әз-Наурыз» деп қарсы алды күн.

Киелі киіз үйдің ошағына,  
Наурыз көже ішкізіп тамсандырдың.

Жаңғыртып дәстүрі мен салтымызды,  
Бір қуанып тастадың, жалты бізді.  
Ұлыстың Ұлы күні оңды болсын,  
Бір Алла қолдай көрші халқымызды.

Әз-Наурыз, күн мен түннің теңесетін,  
Ұлыстың қасиетті мерекесі.  
Молшылық пен тыныштық тілейтін күн,  
Әз-Наурыз біздің елдің берекесі.



Ана деген бар байлығың бақытың,  
Ана деген жанашырың, жақының.  
Ана деген ақ жасулықты апаңды,  
Сыйлап жүрші саған айтар ақылың.

**Берікбек ЕСМҰРЗАЕВ, Жаңатас қаласының тұрғыны**

## Игі дәстүр дәріпшелер бұл күн



Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа форматы «Наурызнама» онкүндігі жалғасын табуда. Осыған сәйкес, 17 наурыз – «Мәдениет және салт-дәстүр» күніне орай ауданымызда Ұлттық киімдер шеруі ұйымдастырылды.

Шеруде зиялы қауым өкілдері, ақ жасулықты әжелер, ақылман аналар, жастар және бүлдіршіндер ұлттық киім киіп, қазақ мәдениетінің көркемдігін паш етті.


Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Аппазов:

«Енді келіп жатқан жаңа жылымыз біздің

мемлекетімізге, Қазақ еліне, даласына жақсылық алып келсін. Береке – бірлік, татулық, ынтымақ, жасампаздық алып келсін. Мынау ел басқарып отырған азаматтарымызға күш-қуат беріп, халық игілігі жолында, халық мәдениеті жолында, салт – дәстүр, сана жолында аябай тер төге берсін», - деді.

Қазақтың мәдениеті, өнері мен ұлттық салт-дәстүрі – ұлттың мәдени коды болып табылады. Бұл күн ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын, салт-дәстүрімізді дәріптейтін, қазақы болмысымызды айшықтайтын ерекше күн.

«SARYSY-AQPARAT»



### ҚАМШЫ ҚАЙТАРУ-

қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі. Аталған дәстүр-құдалық, яғни, құда түсу жолында жасалатын таза қазақи ұғымды көрсететін жолдардың бірі. Мұның жосон-жосығы былай. Ұлына қалыңдық іздеген жігіт әкесі ауылдың ақсақалы мен азаматтарына және өз туыстугандарына жолығып, шаруасын айтады. Бұған жанашиырлар ақыл қосып, пәлен жерде осындай жақсы адам бар және оның бойжеткен қызы барын айтады. Әрине, бұл жерде болашақ құдалардың текті аталардан болуын әркім қалайды. Сөйтіп жігіт әкесі өзінің беделді адамдарын ертіп, қыз әкесінің үйіне барып түседі. Қонақасын ішіп аттанған қыз әкесі өз қамшысын кереге басына іліп кетеді. Мұны көрген қыз әкесі келген кісілердің аты-жөнін, ата-тегін білгеннен кейін, оларға тиісті жасауын беруі керек. Егер қыздың басы бос болмаса (яғни, біреуге айттырылып қойылса) немесе қызын бергісі келмесе қамшы иесіне қайтарылады. Мұны «қамшы қайтару» дейді. Бұған жігіт әкесі ренжімейді.

## Мәдениет пен салт-дәстүр ұлықталды



**ЖАҢАТАС КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕЖ КІТАПХАНАСЫНДА ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІНЕ ОРАЙ 1 КУРС СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН «НАУРЫЗЫМ-БЕРЕКЕМ, НАУРЫЗЫМ-МЕРЕКЕМ» АТТЫ САЙЫС ӨТТІ.**

Мақсаты-қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Сайысты колледж кітапханашысы С.Абдирова жүргізіп, сайыс кезеңдерімен таныстырып өтті. 1-кезең «Кел, танысайық», әр топ өздерін таныстырады, 2-кезең «Ағаш көркі-жасырақ», салт-дәстүрге қатысты сұрақ-жауап, 3-кезең «Суреттер сөйлейді» салт-дәстүрлер атауы, 4-кезең «Мені жалғастыр» мақал-мәтелдің жалғасын табу, 5-кезең «Ою ойғанның ойы ұшқыр» ұлдар асық атып, қыздар ою ояды, б-кезең «Құпия қоры» ішіндегі жасырылған ұлттық бұйымды табу. "Жастар ресурстық орталығының" теологі Жансая Сәбитқызы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ақпұр Дүйсенқызы, қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы Райхан Ынтықбайқызы әділ бағасын беріп, 3-кезең бойынша «Шаңырақ» тобы I-орынды, «Жас қыран» тобы II-орынды, «Бәйтерек» тобы III-орынды иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ұйымдастырушылар тарапынан сыйлықтармен марапатталды.

## Ауызашар берді

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» деген қазақ атамсы. Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кеңпейілділік. Жомарт болу – өзіңде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу. Қайырымдылық – адамзат бойындағы ерекше бір қасиет. Қайырымдылық ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі. Қайырымдылық жасау әр адамның қолынан келетін іс.

Қасиетті Рамазан айың барша мұсылман баласының асыға күтіп, қимастықпен шығарып салары айдан анық. Себебі, Алла Тағала Рамазан айының сансыз сауабын жауап-жасырып қойған. Әрине, Ұлы Рахманның бұл сыйсыятынан ешбір мұсылманның құралақан қалғысы келмейді.

Жайылма ауылында 1972 жылғы туылған азаматтар мен азаматшалар «Ысқақ

Прадар» мешітінің ұжымына және ауыл тұрғындарына арнайы ауызашар берді. Дастархан басында Ауылдық округ әкімі Ж.Смағұлов, еңбек ардагері Б.Дондаұлы сөз сөйледі.

«Рамазан – барша мұсылман қауымы үшін ерекше ай екені белгілі. Әркез халқымыз ата-баба салтына сай дархан көңілдерін, ризашылық ниеттерін дастарқан жәу арқылы жеткізетіні белгілі. Ауыз ашар дастарханын жайып отырған бауырларымызға алғысымыз шексіз. Қашанда осындай ауызбіршілігіміз артып, ортақ іске ұйыса берейік»-деді.

Берекелі отырыста тағалымды насихат айтылып, ақсақалдар батасын беріп, аруақтар рухына құран бағышталып, "Оразадан оразаға жете берейік" деген тілек білдіріп, ризашылықпен тарқасты.

**Сәулет ЕСКӘПАЕВ,**  
«SARYSY»

ҮШ КҮННЕН БЕРІ ПАЙҒАМБАР ЖАСЫНА ЖЕТКЕН ЕРДЕНБАЙДЫҢ ҮЙ-ІШІ ӘБИГЕР. АҚТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ПЕДИНСТИТУТТЫҢ ЕКІНШІ КУРСЫНДА ОҚЫП ЖҮРГЕН ҮЛКЕН ҰЛДАН СҮЙІНШІЛЕГЕН ХАБАР ЖЕТКЕН. АНАСЫНА «СОТКАМЕН» СЫБЫРЛАПТЫ. «БЕРІСІ БІР АПТА, АРЫСЫ ОН КҮННІҢ ІШІНДЕ АҚ ҚҰСЫМДЫ ҚОЛЫМА КОНДЫРАМЫН.



## Бұйырмалан келіндер (Әзіл әңгіме)

Келінді боласыздар.» Содан бері шешесі Сәнияның есі кіресілі-шығасылы. «Шүкір, тәубе. Жеткізді деген осы. Келін түсіремін. Қолымды ыстық суға маламын» деп күбірлей сөйлеп рахаттанып жүр. Мінезі қорғасыннан ауыр отагасы Ерденбай көңілдене қоймайды. Салмақты мінезінен айныған жоқ. Бұл қытымырлығы нақсүйерінің арқасын қоздырып, тілін шығарды.

-Құдайдан сұрап алған балаң келін түсіргелі жатыр. Сен неге қуанбайсың, осы. Қолымыз ештеңеге бармайды. Жауар күндей түнересің де отырасың.

-Асықпа, аптықпа,- деді отагасы қабағын ашпаған күйі.- Асыққан шайтанның ісі. Алдымен ақ, қарасын анықтап алайық. Балаңмен хабарлас. Келін қай елдің қызы? Тәрбиелі отбасынан ба? Оқыған ба? Мамандығы бар ма, жоқ па? Шашы ұзын әлде қысқа ма? Бәрін де анықтау керек.

Сәнияның алқымын ашу қысты. Шыдамның да шегі бар. Найзағайдың отындай шарт-шұрт етті.

-Сен... сен бар ғой. Бетке айтқанның еш айыбы жоқ. Барып тұрған күйдіргісің. Баяғыда-ақ келін түсіріп, немере сүйетін едік. Кежеген кері тартып, баланың бағын байлап болдың, түге. Балам алмақ болған бұрынғы екі келінді де осындай құйтұрқы арам ойларыңмен босагадан аттатпадың. Не ойлағаның бар, осы? Келін түсіреміз десек болғаны төбе шашың тік тұрады. Үйлену оңай, үй болу қиын деп көк аспанды суға аласың да отырасың. Тырнақ астынан кір іздейсің. Қай елдің, кімнің қызы, тәрбиесі қандай, шашы ұзын, қысқа ма деп не сол. Еркектің емес қатынның сөзін айттың. Қай әке-шеше үкідей үлгілетіп өсірген ұл-қызын жаман болсын дейді. Ұлым- ұяға, қызым- қияға қонса, үбірлі-шүбірлі болса деп тілемей ме? Сен бар ғой, сен... Құдай-ай, тағы не айтайын деп ем. Қарабасын ұмытып қалғанды қарашы. Өзіме де обал жоқ. Байсыз қалатындай соңша пәлденіп. Баяғыда қыр соңымнан қалмай, өлердегі сөзің айтқан қара Қаутанға тиіс салмай...

Ашу қысқан Сәния тұтығып, сөзден тосылды. Ерденбайдың орыс сыныбында оқымаса да өзі білетін орысша сөздерді қосып айту қанына сіңген әдеті еді.

-Ну, ладно, оқасы жоқ. Өткен іске өкімбе деген. Ұмытқан сөзіңді есіңе түскенде айта жатарсың. Жастық шақтың желігімен екінің бірі қиялданып, сандырақтап «Сүйемін, күйемін, бақытты етемін» деп айта береді. Құрғақ сөзден іске көшкен жөн. Балаңа хабарлас. Мен айтқан «данный» деректерді анықта,- деді Ерденбай қатқыл дауыспен.

Қырсыққанда қымыран ірді. Тілі қайта қышыған Сәния енді «отала» бергені сол көрші үйдің еріккен кербез келіншегі келіп қалғаны.

Сәнияның отагасына оқпелітіндей жөні бар еді. Өткен жылы да құдайдан сұрап алған бала отау үй тікпек ниетпен екі рет «паптка» жасаған. Онда да әкесі ашу шақырып «отказ» берді. Алғашқы болашақ келіннің мойнында бес жылға дейін төлейтін кредит бар екен. Елдің қызы тысық. Ұялмайды, қысылмайды, ұлына «Кредитті төлесен, мен сендікпін» депті. Бұл «договорды» естіген әкесі шалқасынан түсті.

-Бұл не деген мақсара. Бесіктен белі шықпай жатып қарызға белісінен батқаны несі? Әке-шешесі қалай жол берген? Ал, жарайды келін түсті дейік. Соңы не болмақ? Үш мың доллар өлтірі жіберем, шабылып той жасаймын, шашылып құда шақырамын. Ейге, кредит төлейміз. Ана сенің балаң таза ақымақ екен. Қауақ басында торғайдың да мыы жоқ. Немене, қазаққа кредиті жоқ қыз құрып қалып па? Болмайды, сау адамды жынды қылатын

мұндай тірлікке менің «нервім» шыдамайды. Келін кредиттен құтылғанша бір-бірін күтсін. Ана көңілі балада. Арашаға бозторғайдай шырылдап шешесі Сәния түсті.

-Райыңнан қайт, отагасы. Көңілдері жарасқан екі жастың обалына қалмайық. «Бір қой егіз туса екі түп жусан артық шығады». «Көш жүре түзеледі» деген. Торт құбыласы түгел байлар да жылаған заман. Бірі кем дүниенің бүтінделген күні бар ма?

Отагасы қайтып сөзге келмеді. Оң қолын құлаштап сілкі сермеді. Бұл ишарасы болды, әңгіме тамам, «разборка» бітті дегені еді. Жоққа жүйірік жеткен бе? Баласы құлай сүйген қалыңдығымен зар илеп, жылап қоштасты.

Екінші келін болатын бойжеткеннің шарты мүлдем ауыр болды. Баласына айтыпты.

-Үйленбей тұрып некеге тұрамыз. Мен қалада өскенмін. Ужас, малы, маса-шыбыны көп ауылда өмір сүре алмаймын. Тойдан бұрын өз қалауың білсін. Кез келген қаладан үш бөлмелі үй сатып аласың. Сонда ғана біз бақытты боламыз. Айтпақшы ұмытып барам. Той кешінде екінші бірі лимузинмен «сулянка» жасап жатыр. Бұл «интересно» болудан қалған «вариант». Біз «сулянканы» тікұшақпен жасаймыз. Тойханаға жиналған көпшіліктің ортасына тікұшақпен тік етіп түссек қандай гажап болар еді...

Бұл келісімшартты естігенде әкесі есінен танып қала жаздады. Бұрын-соңды болмаған «давлениясы» көтеріліп кетті. Қылаудай кінәсі жоқ әйеліне ала көзімен ата қарап сөзге де өзер келді.

-Қасиетті қара шаңырағымнан аулақ. Келін боп жарытпайды. Малдан, алтын бесік ауылдан садаға кетсін. Мынауың енесінің емес, өзінің қолын ыстық суға салғалы отырған келін ғой, жүдө. Шегедей боп ойлап жүргенің қарашы. Үш бөлмелі үй сатып аласың дейді. Қалада бір бөлмелі үй қанша доллар тұратынын білесің бе, сен қатын! Ауылда тиындап теңге санап отырғанда долларды қайдап табамыз? Ой, сұмдық-ай, мен жынданатын шығармын. Тойханаға тікұшақпен тік етіп түсе салмақшы. Оған төлейтін ақша қайда, ақша? Маржум әке-шешем жатқан жерлері жайлы болсын. Екеуіміз үйленгенде «сулянка» жасатып па еді? Не керегі бар сол қып-қызыл босқа шығын, пайдасы жоқ сандалыстың? Ана ақымақ балаңа айт. Мұндай келмей жатып билік айтқан келіннен мың шақырым аулақ жүрсін.

Бұл жолы Сәния баласына араша түсе алмады. Болашақ келіннің келісімшарты жүрегіне ауыр тигені соңша жұмған аузын ашқан жоқ. Арада сүт пісірім уақыт өткенде баласымен «сотка» арқылы хабарласқан Сәния болашақ үшінші келін туралы анықталған «данныйлар» жөнінде қариясына «отчет» берді.

-Алла қаласа ақ босағаңды аттайтын келінің үністемтің бірінші курсыңда оқиды екен. Балаңа айтыпты. Ақылы оқуымды төлесен отау үй тізуге қарсы емеспін деген көрінеді.

-Болмайды,- деді Ерденбай көңілсіз үнмен.- Көремізге қарай көсілейік. Қуалаық, сырга саду, той-домалақтың қаражатын табу оңай емес. Оның үстіне бала мен келінің ақылы оқуларының ақшасын төлеуге мүлдем шамамыз жетпейді. Екеуі үністемтерін бітіргенше бір-бірін күтсін.

Алтын бесік ауылға кіндіктері байланған Ерденбай мен Сәнияға бір келін керек-ақ. Өкінішке орай мойнында қарыз-құрғы жоқ, енесінің қолын ыстық суға салатын келіннің ақ босағаны аттауы әзірше белгісіз болып тұр.

**Темірлан ӘБІЛДАЕВ,**  
ардагер журналист

ХАЛҚЫМЫЗ ӘР ҒАСЫРДА-АҚ ЕЛ ДАНАЛАРЫ МЕН ЗАМАНА ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗІНЕН КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРЫП ОТЫРҒАН ҰЛАҒАТТЫ ЖӘНЕ ТӘРБИЕСІ МОЛ ӨНЕГЕЛІ СӨЗДЕРІН КІТАПТАН АЛҒАН.



## Ауылым-әнім менің

"Әулиеата — кітап оқитын өңір" жобасы аясында М.Әуезов атындағы мектеп-гимназиясының "Бастауыш және мектепалды даярлық сынып" бірлестігінің мүгалімдері мен бірлестік жетекшілері Динара Ниетбекова, Гүлназ Ахатаеваның ұйымдастыруымен журналист, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Арғынбай Бекбосынның әдеби-шығармашылығына арналған «Ауылым-әнім менің» атты кеш өтті.

Әдеби кештің мақсаты-қаламгер Арғынбай Бекбосынның өмірі мен шығармаларын таныстыра отырып, көрермендердің кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту.

Жараулы, әбден тері үгітіліп суытылған арғымақ тұлпардай жұтынып, сұңғақ бойын тік ұстап жүретін Арғынбай Бекбосын ел тәуелсіздігі жылдарында сан түрлі қыр-сырымен таныла түсіп, қазақстандық журналистиканың тарлапбоз тұлғасы деңгейіне көтерілді. Сонымен бірге отыз жылға жуық Шығыс жұлдыздарының бірі – ұлы Омар Хаямнан бастау алатын рубаят түріндегі өлеңдерінің қазақ руханиятына орнығуына куш салды. Аталмыш ишарада бастауыш сынып ұстаздары мен оқушылары «Ауылым-әнім

менің» сахналық қойылым көрсетті.

Сахналық қойылымда оқушылар ән мен күйден шашу шашты. Атап айтар болсақ: 8 «А» сынып оқушысы Мектепберген Айару Қ.Ахмедияровтың "Ақмешіт"күйін төгілте, Ы. Дүкенұлының "Жезкіік" күйін 6 «Б» сынып оқушысы Мектепберген Айбарша қобыз аспабымен нақышына келтіре орындап шықты. 4 "Г" сыныбының оқушылары Еркінбек Айсана, Қуатбек Нұрсиса «Қазақ биін» биледі. 3 "А" сынып оқушысы Еркен Хамза "Ауылға барам" әнін орындады. 3"Ә" сынып оқушысы Жәнділда Нұрсұлтан "Туған жер"-тақырыбында және 4"А" сыныбы оқушылары Әбжаппар Омар, Жақыпбек Айжұлдыз, Бекболат Рүстем «Жүр досым, кітапханаға» атты әндерін шығарды. Сондай-ақ, мектеп-гимназия оқушылары қаламгердің өмірбаяны мен шығармашылығына кеңінен тоқталып, жас-жақты түсіндіріп өтті. Иә, Алаш ардақтыларының мектебінен тәрбие әрі қуат алған Арғынбай Бекбосын өзінің өмірбаяндық тарихын халық жүрегінде адал жазып қалдырған, ардың жүзін арқалаған тұлға болып қалды.

**Д.ЖАКУПОВА,** директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

## Қарымды қаламгер



Облыс басшысы Ербол Шырақпайұлының қолдауымен 2025 жыл Жамбыл облысында «Кітап оқу жылы» болып жарияланды. «Әулиеата- кітап оқитын өңір» жобасы аясында Досбол орта мектебінде қазақ көркем сөзінің шебері, аудармашы, көркекті жазушы, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Берік Шахановтың шығармашылығына арналған «Қарымды қаламгер» атты аудандық іс-шара негізінде кітапханашы Бибігүл Боитанованың ұйымдастыруымен әдеби кеш өтті. Кеште жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беріліп, өмір жолынан бейнероликтер көрсетілді. Жазушының інісі ауданның Құрметті азаматы Беркін Шаханов ағасы туралы көптеген естеліктер айтып, бірнеше кітабын мектеп кітапханасына сыйға тартты.

Кеште жазушы шығармаларынан 7-8 сынып оқушылары үзіндіні жатқа айтып, «Мәлдір

сағым» әңгімесінен көрініс көрсетті. 10-сынып оқушысы Асылхан Шерхан Нұрлан Оразалиннің жазушыға арнаған «Қоштасу» өлеңін нақышына келтіріп оқыды. Мектеп өнерпаздары Талғатқызы Зәмзат пен Сейітбек Гүлсезім кеш қонақтарының құрметіне арнап «Жақсы адамдарым», «Алғыс» әндерін тамылжыта шығарды. Берік Шахановтың оқырмандарының бірі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ерік Махамбетов өзінің арнау өлеңін оқыса, жас талант, болашақ ұстаз Жарықасын Әсел жазушыға арналған жүрек жарды өлеңін оқып берді. Мектеп директоры Асқар Ахатайұлы іс-шара барысына тоқталып, келген қонақтарға жылы лебізін білдірді. Өзі өмірден өтсе де, өлмес мұрасы арқылы қалың жұртшылыққа танымал тұлғаның есімі мәңгі жерлестерінің есінде қалары даусыз.

**КАЛТЫНБЕКОВА,**  
қазақ тілі пәнінің мұгалімі

Жер атадан қалған мұра емес,  
Біз оны келер ұрпақтан қарызға алғанбыз

СҰЛТАН БЕЙБАРЫС

## ЖЕР ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ЖҰМЫС ЖАСАУЫ ТИІС

Десті Қыпшақ даласынан Мысыр еліне құл ретінде сатылып, осы елдің билеушісі дәрежесіне дейін көтерілген Ұлы бабамыздан қалған осы сөздер Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматының жадында болуы тиіс.

Өйткені, қоғамда жүргізілген реформалар барысында бұрынғы ұжымшар мен кеңшарлардың пайдалануында болған егістіктер мен жайылымдар, шабындықтар мен көпжылдық егектер (баулар мен жүзімдіктер) бөлініске түсіп, жекеменшікке немесе ұзақ мерзімге жалға берілгенімен, мындаған гектар тусырап жатқан жер телімдерінің қараусыз қалып, арам шөп немесе бұта басып кеткендіктен айналымнан шығып қалғаны жасырын емес.

Аудан аграрлы-индустриялды аймақ болып табылады. Қолда бар жер қорының 72 пайызы егін және мал шаруашылықтарының дамытуға қолайлы. Бұл аграрлық саланы дамыту мүмкіндіктерінің жоғары екендігін көрсетеді.

Рас, соңғы жылдары осы мәселеге мемлекеттік тұрғыда назар аударылып, мән беріле бастады. Бұл туралы Елбасының игерілмей жатқан жерді қайтарып алу жөніндегі нақты тапсырмалары бар.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 65 бабына сәйкес Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерінің оның нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға міндетті.

Жерді игермеу фактісі орын алған жағдайда бақылаушы органмен жерді пайдаланбаған тұлғаға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі – Кодекс) 338 бабымен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбау фактісіне ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының Жер және Салық кодекстерінің талаптарына сәйкес мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша базалық салық мөлшерлемелері меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға, сондай-ақ, объектілерді салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері бойынша уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері

бойынша жасалған уақытша өтеулі жер пайдалану шарттары негізінде есептелген төлемақы сомасы он және жиырма есеге ұлғайтылатындығы белгіленген.

Мысалы, салық органның мәліметіне сәйкес Сарысу ауданының тұрғыны М есімді азаматқа шаруа қожалығын жүргізу мақсатында берілген 3506,5 гектар жер учаскесіне жылдық салық мөлшері 29,5 мың теңге болып белгіленген. Алайда аталған азамат жерін мақсатына сай пайдаланбағаны үшін салығы 20 есеге көтеріліп 590,0 мың теңге төлеуде. Сондай-ақ, Жайылма ауылдық округінде Т есімді азамат 276 га жер учаскесіне 2332 теңге салық төлеп келсе, жерді игермегені үшін салығы 10 есеге ұлғайтылып 46,6 мың теңге төлеуде.

Бұдан бөлек, бақылаушы органның нұсқамасы орындалмаған жағдайда, яғни жер пайдаланушы ескеріліп, жерін пайдаланбаса Кодекстің 462 бабының 3 тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдар), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өздерінің құзыреті шегінде берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, ұсынуларды, қаулыларды орындамау немесе тиісінше орындамау жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Әрі қарай, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 92-94 бабтарының нормаларында көзделген пайдаланусыз жатқан жерді мейжүрлеп алып қою туралы талап арыз бақылаушы органмен сот органына жолданады. Мемлекет иелігіне қайтарылған жерлер Жер кодексінің 43-1 бабына сәйкес, конкурс арқылы пайдалануға ниет білдірген азаматтарға және ауыл шаруашылық ұжымдарына берілетін болады. Жер нақты істеймін деген пайдаланушылардың қолында болуы тиіс.

Бұл бір ғана мысал осы орайда барлық ауыл шаруашылығы немесе кәсіпкерлік мақсатындағы меншік иелері мен жер пайдаланушылардың назарына жерді мақсатына сай пайдалан, пайдаланбаған мемлекет меншігіне қайтаруға тура келеді.

Бұл заң талаптары Бауыржан Момышұлы атамсыз айтқандай «Тәртіпке бас иген құл болмайды - .....» демекші жерді тиімді пайдаланайық барша ағайын.

**Е.УЗАКБЕКОВ, аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы**



## БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ - ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ-ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҮГІНГІ КҮНГІ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕСІ БОЛЫП ОТЫР.

Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір — біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай — қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттер мен халықтарға тән және терең ғасырлық тамыры бар. Біз өте күрделі кезеңде өмір сүріп жатырмыз, экономикалық реформалар мен дағдарыс кезеңі, трансформация уақыты. Зерттеулерге сәйкес, жемқорлық — теріс құбылыс. Бұл қоғамның негіздерін бұзады, дамуға қауіп төндірді, мемлекеттік органдарға деген сенімділіктің төмендеуіне ықпал етеді және қоғамның экономикасы мен моралын бұзады. Бұл бізге байланысты — қай мемлекетте өмір сүреміз: адал немесе жемқор? Әлемдік сыбайлас жемқорлыққа сәйкес, лайықты адам, лайықты компания немесе лайықты мемлекет белгілі бір елмен қарым — қатынаста бола ма деп бағаланады. Сыбайлас жемқорлықтың үлкен кемшілігі, ол мемлекеттің экономикалық салаға зиян тигізіп, елдің және оның әрбір азаматының жалпы әлді-ауқатын төмендетеді. Бұған қоса, мұның бәрі халықтың үкіметке сенімін жоғалтуына қауіп төндірді.

Пара — бұл тек ресми қылмыс ғана емес, сыбайлас жемқорлықтың типтік көрінісі болып табылатын ең тән, қауіпті және кең

таралған құбылыс. Бұл қылмыстың мәні тек қана ақша емес, құнды қағаздар, басқа да мүліктер ғана емес, сондай-ақ әртүрлі жеңілдіктер болып табылады және негізінен, әрине, материалдық сипатта болады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу керек. Бұл туралы қарапайым азаматтарға түсінікті Қазақстан үкіметі мәлімдеді. Барлық құрылымдарда және үкімет барлық деңгейлерінде бірыңғай, күшті және дәйекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тек оң нәтиже бере алады. Ол мемлекетте идеологиялық және жаппай саяси шараларды жүзеге асыру арқылы мемлекеттік билік органдарындағы көлеңкелі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды күшейтуден тұрады. Заң алдындағы жауапкершіліктің тең дәрежесін қамтамасыз ету маңызды. Көптеген мемлекеттік қызметкерлердің білімі мен жалпы мәдениетіне, олардың бизнесі мен моральдық қасиеттеріне байланысты. Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде білім беру мекемелері, ең алдымен мектептер мен мектепке дейінгі мекемелер кіреді. Адалдық, әділеттілік, берілген тапсырмаға бағыну, кез келген құқық бұзушылыққа қатысты ауытқушылық, проблемаларды шеше білу, адам құқықтарын қорғау, мемлекет пен қоғам мүдделері сияқты моральдық және психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға ерекше назар аудару керек.

**Аудан бойынша  
мансаптық орталығы**

#### Редакция телефондары:

Директор:  
6-29-21,  
тілшілер:  
6-19-12,

E-mail: sarysu\_02@bk.ru  
gazeta-sarysu.kz

Таралымы 2384  
Тапсырыс №187

Редакция мақала авторларының көзқарасы үшін жауап бермейді, қолжазба кейін қайтарылмайды. Жарнама мен хабарландырулардың, құттықтаулар мен көңіл айтулардың мәтіні мен мазмұнына тапсырыс беруші жауапты. Газет уақытылы қолыңызға тимесе 6-19-12 телефонына хабарласыңыз.

Sarysu газетінде жарияланған материалдарды әлеуметтік желілерде, басқа да басылымдарда көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша келісімі алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Газет аптасына екі рет-сәрсенбі, сенбі күндері шығады  
Газет индексі-65301

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"Қазфосфат" ЖШС "Жамбыл облысында минералды тыңайтқыштар өндіру бойынша "Қазфосфат" ЖШС химиялық кешенін сумен жабдықтау бойынша іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасына: "Ақжар кен орнының жер асты сулары (Жаңатас және Байкадам учаскелері) қорларын қайта бағалаумен алдын ала барлау" жұмыс жобасына ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Координаттары: 43°54'21.56" с.е; 69°54'17.04" ш.б.

Өсер ету аумағы-Сарысу ауданы. Координаттары: 44°41'2.15"с.е.; 70°18'8.46" ш. б.

Ықтимал әсерлер туралы есеп материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өтеді:

2025 жылғы 5 мамырда сағат 11:00 - де: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылы, Кертай Домбайұлы, 1Б - "Сарысу ауданы Жайылма ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ акт залы.

Qosyl-де кездесуге қосылыңыз: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=997419561615>

Кездесу идентификаторы: 997-419-561-615

2025 жылғы 5 мамырда сағат 16:00-де Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Өндіріс ауылы, Ж.Жұмабеков көшесі №21, ауылдық клуб.

Qosyl-де кездесуге қосылыңыз: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=923662751538>

Кездесу идентификаторы: 923-662-751-538

2025 жылғы 6 мамырда сағат 11:00-де Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанаталап ауылы,

Р.Сәтенұлы көшесі, 4 үй, ауылдық клуб.

Qosyl-де кездесуге қосылыңыз: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=912765076800>

Кездесу идентификаторы: 912-765-076-800  
2025 жылғы 6 мамырда сағат 16:00-де Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Досбол ауылы, С.Сансызбаев көшесі, 5, ауылдық клуб.

Qosyl-де кездесуге қосылыңыз: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=964476732725>

Кездесу идентификаторы: 964-476-732-725

Құжаттаманы әзірлеуші: "Геобайт Инфо" ЖШС, мекен-жайы: 110000 ҚР, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 75 А, БСН: 991040003605, тел. 87142500-297, geobait@mail.ru. директоры Исмаилов У. Ж.

Бастамашысы: "Қазфосфат" ЖШС, ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай көшесі, 126, БСН 991040000313, тел. 8 (726) 243-19-56, tileubaev.B@kpp.kz. Бас директоры Пак Е. Г.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен [ecportal.kz](https://ecportal.kz) сайтында танысуға болады, жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat>. қосымша ақпарат тел. 87057462732, geobait@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды "Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ s.agabek@zhambyl.gov.kz Тараз қаласы, Абай көшесі, 133а мекенжайы бойынша қабылдайды, сондай-ақ мамандандырылған экологиялық порталда [ecportal.kz](https://ecportal.kz).

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Казфосфат» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний по Отчету о возможных воздействиях к «Проекту поисково-оценочных работ по водоснабжению химического комплекса ТОО «Казфосфат» по производству минеральных удобрений в Жамбылской области: «Доразведка с переоценкой запасов Акжарского месторождения подземных вод (участки Жанатасский и Байкадамский)». Координаты: с.ш.43°54'21.56"; в.д.69°54'17.04".

Территория воздействия – Сарысуский район. Координаты: с.ш.44°41'2.15"; в.д.70°18'8.46".

Общественные слушания по материалам Отчета о возможных воздействиях состоятся:

5 мая 2025 года в 11:00: Жамбылская область, Сарысуский район, с.Жайылма, Кертай Домбайұлы, 1Б - КГУ "Аппарат акима Жайылминского сельского округа Сарысуского района" актовй зал.

Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=997419561615>

Идентификатор встречи: 997-419-561-615

5 мая 2025 года в 16:00 Жамбылская область, Сарысуский район, с.Ондирир, ул. Ж.Жұмабеков №21, сельский клуб.

Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=923662751538>

Идентификатор встречи: 923-662-751-538

6 мая 2025 года в 11:00 Жамбылская область, Сарысуский район, с.Жанаталап, ул.Р.Сәтенұлы,

4 дом, сельский клуб.

Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=912765076800>

Идентификатор встречи: 912-765-076-800  
6 мая 2025 года в 16:00 Жамбылская область, Сарысуский район, с.Досбол, ул. С.Сансызбаев, 5, сельский клуб.

Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=964476732725>

Идентификатор встречи: 964-476-732-725

Разработчик документации: ТОО «Геобайт Инфо», адрес: 110000 РК, Костанайская область, г. Костанай, ул. Гоголя, 75 А, БИН: 991040003605, тел. 87142500-297, geobait@mail.ru. Директор Исмаилов У. Ж.

Инициатор: ТОО «Казфосфат», РК, Жамбылская область, г. Тараз, ул. Абая, 126, БИН 991040000313, тел. 8 (726) 243-19-56, tileubaev.B@kpp.kz. Генеральный директор Пак Е. Г.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте [ecportal.kz](https://ecportal.kz), на сайте местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat>. Дополнительная информация по тел. 87057462732, geobait@mail.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области» s.agabek@zhambyl.gov.kz по адресу г.Тараз, ул.Абая 133А, а также на специализированном экологическом портале [ecportal.kz](https://ecportal.kz).

## ЕСКЕ АЛУ

Арамызда жүрген жақсы адам өмірден өтіп кетсе де, көңілден ешқашан өшпек емес. Оның артында ұстанымы жақсы ұрпақ, қабырғаны қайыстырған қимастық пен Алатаудай сағыныш қалатыны сөзсіз. Осындай қимас жанның бірі Саудақент ауылының тұрғыны болған, еңбек ардагері, ауданның Құрметті ардагері **Амандос РАҚЫШҰЛЫ** үстіміздегі жылы 13 ақпан күні 80 жасында өмірден озған еді.

Қамқоршымыз бізге ақыл айтып, тәрбие беруден жалықпады. Кеше ғана ақылын айтып, ортамызда жарқырап жүрген тірегіміздің арамыздан кеткеніне 40 күн өтсе де сене алар емеспіз. Ажал айтып келмейді. Тағдырдың жазғанына шара бар ма? Алладан қол жайып тұрып, асқар тау өкеміздің жанын пейіште ете гөр деп тілейміз. Әулеттің берік тірегі бола білген қамқоршымызды сағынышпен еске аламыз.

**Тағдырдың ісіне біз бағынамыз,**

**Қайғыны амалсыздан жамыламыз.**

**Нұрлы жүзін кетпейді көз алдыман,**

**Әкетай, өзіңізді сағынамыз.**

Әкеміздің рухына бағыштап, Саудақент ауылы Қ.Ысқақұлы көшесі №19 үйде (өз шаңырағында) 29 наурызда сағат 18:00-де (ауызашар уақытында) қонақасын, 30 наурыз күні сағат 10:00-де қырық күндік асын таратамыз.

**Еске алушылар: жұбайы, ұл-қыздары.**



Меншік иесі:

“САРЫСУ” ГАЗЕТИНІҢ  
РЕДАКЦИЯСЫ” ЖАУАПКЕРШІЛІГІ  
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Жанна ЖЕТЕНОВА

Директор

Кезекші редактор:  
**КАМЕЛИ  
СҮЛЕЙМЕНОВА**

Мекенжайымыз:  
080700,  
Жаңатас қаласы,  
1-шағынауданы, 28-үй.

САРЫСУ

**А-Материалдың жариялану ақысы төленген**  
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Қанатты қалам әлемі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспаханасында басылады. Мекенжайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі 36Б.

Газет Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2020 жылғы 08 қаңтарда тіркеліп, №КЗ04VPY00019163 куәлігі берілген.



# Наурыз көктем, наурыз жыр, Ана мейірім, шуақ нұр



Наурыз – ұлт пен ұлысты біріктіретін, ағайын-туысты жақындастыратын ынтымақ-береке бастауы

